



# ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta\_eltilegi@mail.ru

№7 (863) Сәрсенбі 14 ақпан 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



## ЖАҢА НЫСАНДАР ҚҰРЫЛЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

**Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қала аумағындағы жаңадан салынып жатқан нысандардың құрылыс жұмыстарымен танысты.**

Алдымен аймақ басшысы сол жағалаудағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында бой көтеретін 900 орындық мектептің құрылыс алаңына барды. Келісім-шарт құны 5 млрд. теңгеден асатын білім ордасының құрылысы өткен жылы басталған болатын. Бас мердігер – «СК Дәнекер» ЖШС.

Еске салсақ, биыл облыста «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы-

мен 11 нысан бой көтермек.

Келесі нысан – 300 орынға арналған жатақханасы бар 400 орындық физика-математика бағытындағы мектеп-интернат. Заманауи ғимараттың іргетасы өткен жылы шілде айында қаланды. «Білімді қолдау қоры» есебінен салынуда.

Мұнан кейін облыс әкімі «Қан орталығына» барды. IV санатты, жылына 500-10000 донацияға

арналған орталық құрылысы 2022 жылдың тамыз айында басталды, жоба-сметалық құны – 2,85 млрд. теңге.

Әрі қарай Нұрлыбек Машбекұлы «Оқушылар сарайының» құрылысымен танысты. 350 орындық екі кабатты ғимараттың айналасына саябақ және демалыс аймағы салынады, нысан тамыз айында ел игілігіне табысталады.

Аймақ басшысы мердігерлерге құрылыс сапасын қатаң бақылауда ұстап, мерзімінде аяқтауды тапсырды.

## ҚҰРЫЛЫС КОМПАНИЯЛАРЫНА ТАЛАП КҮШЕЙДІ

**Мәжіліс депутаттары Құрылыс кодексінің жаңа жобасын талқылап, құрылыс кезінде жіберілген заң бұзушылықтар үшін жазаны күшейтуді ұсынды, деп хабарлайды 31 арнаның Информбюро ақпараттық бағдарламасы.**

Халық қалаулыларының айтуынша, қазіргі заңда тек айыппұл төлеумен шектелген. Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Тимур Қарағойшин жұмысын адал атқармаған құрылыс компаниялары жауапқа тартылатынын айтты.

Енді құрылыс саласында өрескел заң бұзушылыққа жол берген компаниялар қара тізімге еніп, қызметіне мүлдем тыйым

салынбақ.

Сондай-ақ жаңа заң жобасы сейсмикалық аймақтарда құрылыс жүргізу үшін қауіпті алдын алу бағалауды міндеттейді. Айта кетейік, биыл қаңтарда үкімет мақұлдаған Құрылыс кодексімен сарапшылар мен бизнес-қоғамдастықтар келіспей, құжатты министрлікке қайта қарауға жіберуді сұраған еді.

"Мемлекеттік бақылауды

күшейту жөніндегі жаңа тәсілдер бөлімдері. Жоспарлы инспекциялау механизмін енгізу және мемлекеттік-құрылыс бақылау және төтенше жағдайлар органдарының объектілерді пайдалануға қабылдауға қатысуы.

Барлық берілген рұқсаттарға ревизия жүргізу. Шұғыл әрекет жасау шарасын енгізу – бұл құрылысты бақылаудың жаңа нысаны.

Ол анықталған бұзушылықтарға жедел шара қолдануға мүмкіндік береді", – деді ҚР өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Тимур Қарағойшин.

## Б.СӘРМЕНБАЕВ: «АУДАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ ӘРКЕЗ ЖОҒАРЫ БОЛУЫ ТИІС»

ҚР Премьер-Министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысы және аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілістен соң аудан әкімі Берік Сәрменбаев ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің әрқазы жоғары болу керектігін атап өтті.

2024 жылдың қаңтар айында аудан экономикасына 9400 млн. теңге негізгі капиталға инвестиция тартылып, өткен жылғы қаңтар айымен салыстырғанда 3 есеге ұлғайды. Сонымен қатар, 1440 шаршы метрге тұрғын үй салынып, 67,2 пайызға артып отыр. Бөлшек сауда айналымының нақты көлемі 2024 жылдың қаңтарында 209,6 млн. теңгені құрап, 3,8 пайызға артқан.

– Үкімет басшысы және облыс әкімі берген тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына нақты жұмыстарды атқарып, жоғары нәтижеге қол жеткізу тұрақты бақылауда болсын, – деді Берік Әбдіғашарұлы.

Мәжілісте аудан басшысы «Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің» КММ-нің директоры қызметіне тағайындалған Болат Бисенбаевты таныстырып, қызметіне сәттілік тіледі.

## ӨНДІРУ ДЕ, ӨНДЕУ ДЕ ӨЗІМІЗДЕН

Ел аумағында Еуропалық Одақ бекіткен аса маңызды шикізаттың 19 түрі бар. Әлем жаһандық энергетикалық және цифрлық дамуға ұмтылуда. Осыған байланысты әлемдік нарық- тың аса маңызды шикізат материалдарына сұранысы артып келеді. Қазақстан Еуропа- лық Одақ бекіткен аса маңызды шикізаттың 19 түрін өндіреді және өңдейді, деп хабарлады ҚР Өнеркәсіп және құрылыс ми- нистрлігі.

Қазақстанда өндірілетін шикізаттар АҚШ, КХР, Оңтүстік Корея, Ұлыбритания, РФ, ЕО елдеріне тасымалдануда. Бүгінгі таңда Қазақстанның өндірісшілері еуропалық нарыққа бериллий, тантал, титан, аммоний метаванадаты және фосфор сияқты металл және химиялық өнімдерді жеткізеді. Ал мыс өндірісі бойынша Қазақстан әлемнің үздік 10 елінің қатарына кіреді. Қазақстанда никель, кобальт, марганец және литий сияқты аккумуляторлық шикізат өндірісінің кластерін ұйымдастыру мүмкіндіктері бар. Бұл прекурсорлар электромобильдердің өсіп келе жатқан өндірісі үшін шикізаттың негізгі көзі болады. Сирек металдарды өндіру саласының негізгі проблемаларының бірі – импорттық шикізатқа тәуелділік. Сондай-ақ, аса маңызды шикізат өндірісінің дамуына кәсіпорындардың технологиялары мен жабдықтарының тозуы кедергі болуда. Негізгі проблемалық мәселелер Мемлекет басшысы Қасым- Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы шеңберіндегі тапсырмасы негізінде жерде сирек кездесетін металдар саласын дамыудың 2024–2028 жылдарға арналған кешенді жоспарында көрсетілген. Кешенді жоспар Үкіметтің қаулысымен 2023 жылғы 28 желтоқсанда бекітілген. Қазіргі таңда Өнеркәсіп министрлігі алдағы бес жылға қойылған міндеттерді шешу үшін жұмыс істеуде.

## ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК МӘСЕЛЕСІ ТҮБЕГЕЙЛІ ШЕШІЛЕДІ

Облыс орталығында тұрғындар өтініш-тілегі ескеріліп, тағы 70 автобус қалаішілік бағыттарға қосылды. Іс-шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов, ардагерлер мен жауапты сала басшылары қатысты.



– Кейінгі екі жылда мектеп оқушыларына 30, денсаулық сақтау саласына 70 жедел жәрдем, орманшыларға 470, құқық қорғау органдарына 92, ветеринарларға 30, электр тарату торабына қызметтік 16 автокөлік берілді. Сондай-ақ «Үлгілі елді мекен» облыстық конкурсының жеңімпаздарына заманауи үлгідегі 29 арнайы техника табысталды. Жылдан-жылға облыс орталығындағы жолашушылар тасымалдау қызметі жақсарып келеді. Осы мақсатта екі жылда 200 жаңа автобус жолашушылар тасымалдау қызметіне қосылды. Атап айтқанда, 2022 жылы 150 жаңа автобус сатып алына, былтыр тағы 50 үлкен сыйымдылықтағы көлік қалалық және қала маңындағы бағыттарда жұмысын

бастады. Биылға жоспарланған 100 жаңа автобустың 70-і жеткізіліп, енді ел игілігіне айналады. Осылайша облыс орталығындағы қоғамдық көлік мәселесін түбегейлі шешеміз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Іс-шара барысында көлік саласының ардагері Өмірбек Шәменов жерлестерін құттықтап, жолашушылар тасымалдау қызметіндегі ілкімді істерді жоғары бағалады.

Бүгінде облыс орталығында бұл бағытта «Қызылорда автобус паркі» ЖШС қызмет атқарады. Үлкен сыйымдылықтағы автобустарда мүмкіндігі шектеулі жандар, ересектер мен оқушылар үшін QR-кітап оқуға қолайлы жағдай жасалған. Ал автобустардың келуін «2ГИС» және

«Яндекс GO» ұялы қосымшалары арқылы бақылауға мүмкіндік бар.

Қазір өңірде жол-көлік саласын дамытудың ауқымды жобалары жүзеге асуда. Өткен жылы республикалық және облыстық бюджеттен 38,5 млрд теңге бөлініп, 671 шақырым жол жөндеулен өтті. Қазір облыстағы жақсы жағдайдағы жолдың үлесі 87,5 пайызға жетіп отыр. Республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген 25 млрд. теңгеге 230 шақырым жол жөнделеді. Жыл соңына дейін жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 90 пайыздан асады.

Қызылорда қаласында 975 млн. теңгеге заманауи үлгідегі автовокзал салынады. Халық көптен бері мәселе етіп көтерген

Ғ.Мұратбаев және Яссауи көшелерінің кышысындағы теміржол арқылы өтетін жауу жүргішілер көпірі ел игілігіне берілді. Жұртшылықтың сұранысына сәйкес «Қызылжарма» каналы арқылы «Бәйтерек» шағын ауданына өтетін көпір ашылды. Биыл Қызылорда қаласында Жаппасбай батыр көшесі 4 жолақты болып кеңейтіліп, Яссауи көшесі қайта жаңғыртылады. Жанқожа батыр көшесінен теміржол асты көпірі салынады.

Бұл жобаларға республикалық және облыстық бюджеттен 11 млрд. теңгеге жуық қаржы қаралды.

«Ел тілегі» ақпарат

Бір кем дүние

### Әжіл

Айнадағы бейне кейде адамның ішкі жан дүниесін көрсете алмайды. Жасы келіп қалған кейбіреулер беттеріндегі әжімді жасырып әлекке түсіп жүргені. Қарның ашады-ақ... Өзінің жасынан жасырақ көрінуге тырысатын әжімбеттер, жүректегі әжімді қалай кетіреді екен.

**Ж.ҚАСЫМ**

## ЗАҢСЫЗ СЕКСЕУІЛ КЕСКЕНДЕР ҰСТАЛДЫ

Басқармаға қарасты Қызылорда орман шаруашылығы мекемесінің орманшылары мемлекеттік орман қоры учаскелерінде заң бұзушылықтарды алдын-алу және оны анықтау мақсатында ағымдағы жылдың 11 ақпан күні Аманкелді ауылынан заңсыз сексеуіл тиелген Газ-53 автокөлігін ұстады.

Анықталғандай Қазақстан Республикасының заңымен сындыруға тыйым салынған сексеуіл ағашы тиелген жүк көлігі Сырдария ауданы, Аманкелді ауылының тұрғынына тиесілі болып шықты.

Зансыз 4.05 текше метр сексеуіл ағаштары айғақ зат ретінде мекеме ауласына қалдырылып, заң бұзушылық бойынша тиісті азаматқа ҚР ӘҚБтК-нің 389 бабы 1 бөлігінде сәйкес әкімшілік хаттама рәсімделді.

## ҚОҒАМДЫҚ АХУАЛ БАҚЫЛАУДА

Қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев Сол жағалау тұрғын ауданындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында зерделеу жұмыстарын жүргізді.

Жалпы, тәртіп сақшыларының бірлескен жұмысының нәтижесінде қала көлемінде ахуал тұрақты. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен тәртіпті сақтау мақсатында анықталған құқық бұзушылықтар бойынша жедел жұмыстар жүзеге асырылуда.

Мәселен, өткен апта көлемінде Қызылорда қаласы Полиция басқармасының

патрульдік полиция қызметкерлері 1514 әкімшілік құқық бұзушылықты анықтаса, учаскелік полиция инспекторларымен 289 әкімшілік құқық бұзушылық тіркелді.

Ювеналды полиция қызметкерлері бір апталық рейдтік жұмыстары аясында 53 әкімшілік хаттама рәсімделді.

Ал, жедел басқару орталығының бейнекамералары арқылы 845 құқық бұзушылық тіркелді. Құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар тұрақты жалғасуда.

## АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ЖАҢА АМБУЛАТОРИЯНЫҢ ИГІЛІГІН КӨРУДЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 2023 жылы Абай, Бозкөл және Кәукей ауылдарында дәрігерлік амбулаториялар ел игілігіне пайдалануға берілді.

Жаңа нысандар бүгінде науқастарға сапалы, жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету үшін заманауи құрал-жабдықтармен жасақталған.

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТАПСЫРМАЛАРЫ ҚАРАЛДЫ

Ақпан айының 7-і күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында ел экономикасын дамытудың алғышарттары мен өзекті деп танылған мәселелерге қатысты 10 нақты тапсырманы айқындап, халықты әлеуметтік тұрғыда қолдаудың тектістерін қайта қарау қажеттігін мәлімдеді.

Осыған орай, бүгін Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында ӨКҚ жанынан құрылған сарапшылардың қатысуымен ел Президенті атап өткен тапсырмалар талқыланды.

Өздеріңіз білетіндей, жақында Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында бірқатар салаларға қатысты ауқымды мәселелерді талқылады. Тиісінше, аталған мәселелердің оңтайлы шешілуіне қатысты нақты тапсырмалар беріліп, халықтың өмір сүру сапасын жақсартудың жайын айтты. Соның ішіндегі ең бастысы – әр жыл сайын ішкі жалпы өнімді 6 пайызға тұрақты ұлғайту жөнінде жауапты өкілдікке тапсырма берді.

Бұдан бөлек, Президент салық мәселесіне де ерекше көңіл бөлді. Себебі, баршамызға белгілі, елдің экономикалық қарқыны бюджет қаражатын тиімді пайдалану арқылы іске асады.

Осылайша, салықтың жаңа бір жүйесін тиімді жүргізу арқылы өзіміздің жалпы ішкі өнімді арттырып, кейбір өңірлердің дербес жұмыс жасауына мүмкіншілік жасаймыз. Жыл басындағы жаңа өзгерістер мен саяси нақандар елдің экономикасына оң әсерін береді деп ойлаймыз. Мемлекет басшысы айтқан әрбір тапсырма халық арасында дұрыс талқылануы керек, – деді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің “Философия және әлеуметтік гуманитарлық пәндер” кафедрасының аға оқытушысы, саяси ғылымдарының кандидаты Сәулет Сахиев.

Өткен апта еліміз үшін саяси жаңалықтарға толы болды. Мемлекет басшысының төрағасымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтіп, нақты міндеттер айқындалды.

Бұл жиын жаңадан құрылған Үкіметтің негізгі жұмысының арқауы болады деп сенеміз. Ел Президенті айтқан нақты 10 тапсырма мемлекеттің болашағы үшін аса маңызды. Соның ішінде аграрлық саланы толыққанды реформалау керектігі де айтылды. Біздің Сыр елі аграрлық салада бұрыннан әлеуеті жоғары. Дегенмен, соңғы уақытта орын алған су тапшылығы мәселесі біздің өңірімізді айналдыртып өтпеді. Осыған байланысты Ел Президентінің тапсырмасына сәйкес, көршілес мемлекеттермен келіссөздер жүргізілуде. Әсіресе жерді лазерлік тегістеуден бастап, шаруашылықтың жұмыстарын цифрландыру бағытындағы жұмыстарға да көп көңіл бөлінуде. Аграрлық саланы дамытудың тағы бір тиімді жолы – ауыл шаруашылығы саласының ғалымдары мен тәжірибелі мамандарының жобаларын қарастырып, пікірін ескерген жөн, – деді Сырдария аудандық мәслихатының депутаты, ҚР Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, “Тіршілік тынысы” газетінің бас редакторы Ақтөре Ибрагимұлы.

# ҰБТ БАСТАЛҒАЛЫ 77,5%-ҒА ЖУЫҚ ТАЛАПКЕР ШЕКТІ БАЛДЫ ЖИНАДЫ

134 мыңға жуық адам қаңтар айындағы ҰБТ-ны тапсырды. Оның ішінде талапкерлердің 76,4% – ы қазақ тілінде, 23,5% – ы орыс тілінде, 83 адам ағылшын тілінде тестілеуден өтті, деп хабарлады zakon.kz.

ҰБТ басталғалы шекті балды 77,5%-ға жуық талапкер жинады. Орташа балға келсек, ол 69 балға тең. Ең жоғары балл – 137. Жалпы, 72 талапкер 130-дан жоғары балл жинады.

Тестке қатысушылардың басым бөлігі «Биология-Химия» комбинацияларын таңдаған, атап айтқанда, 18%-ы тапсырды. «Математика-Физика» пәндерін 17% таңдаған. Сондай-ақ, топ-3 қатарына талапкерлердің 12% таңдаған «Математика-Информатика» комбинациясы кірді. Ең аз таңдалған комбинация – «Химия-Физика», оны 149 адам тапсырған.

2024 жылғы қаңтар ҰБТ-сының қорытындысы бойынша талапкерлер «Оқу сауаттылығы» пәнін жоғары деңгейде тапсырды. Орташа есеппен, сұрақтардың 78%-ына дұрыс жауап берілген. Ал «Физиканы» тапсырған талапкерлердің тек 33%

тапсырманы дұрыс орындаған, олар үшін «Салыстырмалық теориясының элементтері» тақырыбы қиын болды. Осылайша, ҰБТ нәтижелері бойынша Ұлттық тестілеу орталығы тек сандар емес, сонымен қатар тақырыптар бойынша егжей-тегжейлі талдауды да ұсынады.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі С.Нұрбек: «Білім-ғылымға күштар барша талапкерлерді ҰБТ-ның аяқталуымен шын жүректен құттықтаймын! Қалаған мамандықтарыңыздың иесі болуға тілектестігімді білдіремін. Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай, қазақтың көңінде күн болып, ұлтқа аянбай қызмет ете беріңіздер!», – деді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқуға тусушілер үшін қолайлы жағдай жасаудың нәтижесінде

қаңтар ҰБТ-сына 321 талапкер қатысқанын айта кеткен жөн.

ҰБТ өткізу барысында 157 ереже бұзушылық анықталған. Оның ішінде 107 талапкер смартфон, шпаргалка және басқа да тыйым салынған заттарды алып өту ережесін сақдалынан тест тапсыру мүмкіндігінен айырылды. Тестілеу кезінде ережелерді бұзғаны үшін аудиториядан 50 адам шығарылып, олардың нәтижелері жойылды. Бөгде тұлғалар анықталған жок. Талапкерлер тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде апелляцияға бере алды. Сертификат апелляция туралы шешім қабылданғаннан кейін тестілеушінің жеке кабинетінде қолжетімді болады.

Айта кетсек, 2024 жылғы ҰБТ аяқталғаннан кейін күнтізбелік жылдың 31 қазанына дейін тестілеудің бейнежазбаларына талдау жүргізіледі. Тыйым салынған заттарды пайдалану немесе ережелерді бұзу фактілері анықталған жағдайда тусушінің ҰБТ нәтижелері жойылады.

«Ел тілегі» ақпарат

# 1925-1929 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ АҒАРТУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ТАРИХІ

1925 жылы 24 желтоқсанда «Советская степь» газетінде Қазақстан Орталық Ағарту Комитетінің төрағасы Жалау Мынбаевтың Қазақ АКСР бесжылдығы туралы есепті мақаласы жарияланды. Аталған мақалада сол кездегі Қазақ елінің астанасы Қызылорданың даму кезеңдеріне былайша тоқталады: «Радиостанция, су құбырлары жасалып, Мәскеумен тікелей байланысқа шығамыз, жерге орналастыруды, отырықшылықты аяқтап, жаңа астанда жоғары оқу орындарын ашып, бесжылдық ішінде орындауға бел байлаймыз» - деді.

Қайраткер Жалау Мынбаевтың еліміздің жаңа астанасы Қызылорданың болашағын оптимистік тұрғыдан баяндағаны көрініп тұр. Әйтседе жоғары оқу орнын ашу туралы айтқан ойын зерттеп көру үшін сол кездегі мұрағат деректерін ақтаруға тура келді. Сонымен бірге, сол институттың тарихына шолу жасасак.


Кенес өкіметінің алғашқы жылдарында Қазақстанда сауатсыздықты жою бағытында көптеген іс – шаралар іске асырылды. Соның ішінде қазақ халық ағарту институтын құру болды. Алғашқы қызметі 1919 жылы Орынбор қаласынан бастау алған Қазақ халық ағарту институты жалпы орта мектептерге мұғалімдер дайындап шығару мақсатын көздеді. Институт алғашқы кезеңде Қырғыз (Қазақ) халық ағарту институты деп аталды. Институттың оқу жоспарына сәйкес дәрістер қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді. 1925 жылы институт Қызылорда қаласына көшірілді. Онымен бірге тәжірибелі педагогтар мен республикада ағарту жұмысына ұйымдастырушы қайраткерлерде бірге келді. Солардың бірі Сәкен Сейфуллинде болды. Сол кезеңді Гүлбаһрам апай өзінің естелігінде: «Сонымен не керек, Ақмоладан аттанғанда ағайын – туыстардың анау – мынау әрекетіне мойын ұсынбай кеткен басым, енді мын Қызылордада Қазақстанның астанасы қырдың қызыл сұңқарлары мекендеген қызыл шаһарға жүрмекпін» - деген еді. Қызылорда қаласында Сәкен Сейфуллинмен шаһырақ көтеріп, екеуі отау құрды.

Қызылорда жері С. Сейфуллиннің негізгі қызметімен қоса шығармашылық жолын шыңдауға шабыт берген құтты мекен болды. Осында атақты «Көкшетау» поэмасының соңғы тарауларын жазды. 1927 жылы «Тар жол тайғақ кешу» романын, «Жер қазғандар» повесі, 1928 жылдың басында «Тұрмыс толықтында» өлеңдер жинағы жарық көріп, көптеген шығармашылық табыстарға жетті.

1927 жылы С. Сейфуллин Қызылорда қаласында Халық ағарту институтының директоры болып тағайындалды. Олар 8 бөлімнен тұратын Қазақстанның халық ағарту институты туралы Ережеге сәйкес жұмыс атқарған.

Институтта жалпы бөлім, ағарту институтының құрылымы, ағарту институтының оқу жұмысы, ағарту институтын басқару және жетекшілік, ағарту институтының студенттері туралы, ағарту институтының оқытушылары мен қызметкерлері туралы, ағарту институтының ғылыми педагогикалық және қоғамдық педагогикалық жұмыстары, ағарту институтының қаржысы, штаты және құқықтары.

Кенестік жүйенің алғашқы кезеңінде, нақтырақ айтқанда 1920 – 1929 жылдары атақты Ахмет Байтұрсынұнов ағартушылық және ғылыми жұмыстармен айналысты. А. Байтұрсынұнов Қызылорда халық ағарту институтында 1928-29 жылдары ұстаздық қызметте болды. Бұл уақыт Қызылорданың астаналық кезеңінің соңғы уақыты еді. Институтта ол бірқатар пәндерден қазақ тілінде дәрістер оқып, педагогиканың әдістерін



Қызылорда Халық Ағарту институты құжаттарындағы С.Сейфуллин қолтаңбасының көшірмесі 1926-27 жылдар.

дамдықты. 1927 жылы Қазақ ағарту институты мәжілісінің хаттамаларында қызметкерлердің қызметтік нұсқаулығы берілген. «Ережелер мен міндеттер» деп аталған бөлімде 10 қызметкердің ережелері мен функционалдық міндеттері ашып көрсетілген. Осы жылдың 31 желтоқсанындағы мәліметтер бойынша Қызылорда Қазақ халық ағарту институтының дайындық бөлімінде 45 оқушы оқып, білімдерін шыңдаған. Оның 37 – сі ер балалар, 8 – і қыздарды құраған.

Қазақ ағарту институтының 1929 – 30 жылдардағы оқу жылында 5 оқу тобы болған. Оның екеуі дайындық бөлімі (үлкен және кіші) және 3 негізгі курстар. Осы кезде оқыған студенттердің жалпы саны 154 - ті құрады. 1928 жылдан бастап қазақ халық ағарту институты жанынан мұғалім қыздар дайындайтын тұрақты 3 жылдық курстар ашылып, жұмыс жасады. Осылайша бірінші дәрежелі ауыл мектептеріне мұғалім қыздар дайындау мақсаты көзделді. Олардың жалпы саны – 44 қыз баланы құрады.

Қазақ ағарту институтының құрылымына келсек, оқу орнын ректор басқарды. Ол Қазақ оқу – ағарту комиссариатының бұйрығы арқылы тағайындалатын еді. Институт жанынан Мектеп кеңесі құрылды. Оның құрамына институттың оқу – ісі жөніндегі меңгерушісі, хатшысы, шаруашылық істері жөніндегі меңгерушісі, студенттік ұйымдардың өкілдері және т.б. енді. Педагогтар құрамы 27 адамды құрады. Сырттан қосымша жұмыс істейтіндер 18 адам болды.

1929 жылы оқушылар құрамына біршама өзгерістер болғанын байқаймыз, оқушыларды әртүрлі компанияларға мен курстарға, жоғары оқу орындарына жіберуге байланысты сан жағынан кемді. Атап айтқанда, 326 оқушының 58 - і, 268 оқушының 60 – і басқа жаққа кетуіне байланысты 208 студент қалған. Жалпы институттың оқу процесінің ұзақтығы 189 күнге созылды.

С. Сейфуллиннің кеңестік жүйедегі ағартушылық қызметі 1925 жылы 7 сәуірде Халық ағарту комиссариаты жанындағы ғылым орталығының төрағасы қызметінен басталды. Ол Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Төрағасы қызметінен бастаған алғашқы күннен ағартушылық ойлар арқылы жастарға білімнің маңыздылығын ұғындыра отырып, үкімет қаржысынан қомақты бөлігін оқу – білім саласына бөлдірді. Осы кезеңде қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтар баспадан шықты.

Қызылордадағы Қазақ халық – ағарту институтында тәжірибелі педагогтер, көрнекті қайраткерлер А. Байтұрсынұнов, С. Мұқанов, С. Меңдешов, Бернштейн, Т. Шонанов, М.

Жолдыбаев Қ. Жұбанов сияқты азаматтар әр түрлі пәндер бойынша дәрістер оқыды.

Жалпы студенттердің тәжірибелерді шыңдау үшін институт 7 жылдық мектептерді таңдап алды. Институттың материалдық – техникалық базасы төмен деңгейде болды. Тек әскери дайындық кабинеті сол заманға сәйкес жақсы жабдықталды. Институтта әскери бұрыштар ашылып, тұрақты түрде «Қызыл жұлдыз» журналы шығарылып отырды. Сонымен бірге, «Ағартушылар», деп аталатын қабырғалық газеті, «Мәдени майдан» атты тақырыпта қолжазбалық журнал шығарылып тұрды. Әдебиет үйірмелерінде ұстаздар мен оқушылар жазған мақалалар тұрақты түрде талқыланып отырды.

1929 жылы С. Сейфуллин «Еңбекші қазақ» газетіне қазақ халқының ауыз және жазба әдебиеті үлгілерін жинауға қол ұшын беру жөнінде халыққа жолдау жолдады. Жиналған мәліметтер нәтижесінде Қызылорда қаласында С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Ә. Мәметова, Б. Майлиннің авторлығымен «Әдебиет тану оқу құралы» атты 5 сынып оқушыларына арналған 6 бөлімнен тұратын оқулық – хрестоматия болып жарық көрді. Оқулық 30 мың данамен еліміздің барлық мектептеріне таратылды. С. Сейфуллиннің қолдауымен А. Байтұрсынұновтың «Қырғыз әліпбиін үйренудегі дестемелік нұсқа», «Әніпби» 1 және 5 басылым, «Тіл құралы», 1 – ші бөлім (фонетика), 2 – ші бөлім (этимология), 3 – ші бөлім (синтаксис), оқулығынан бастап, М. Әуезовтің «қорғаныссыздың күні», «Еңлік - Кебек», Ж. Аймауытовтың «Балжиян», М. Жұмабаевтың «Педагогика», 1 – ші басылым, Струминскийдің «ағарту саласына арналған» және т.б. авторлардың еңбектері енген.

Қызылорда Қазақ Ағарту Институтының 1930-1931 жылдардағы оқу-өндірістік жоспарына сәйкес, оқу процесі төмендегідей 4 семестр және 5 цикл бойынша жұмыс жасады.

- 1. Қоғамдық-саяси цикл.
- 2. Жалпы білім беру циклі.
- 3. Педагогикалық цикл.
- 4. Арнайы циклі.
- 5. Тәжірибе.

Қызылорда облыстық мемлекеттік мұрағат қорларында С.Сейфуллин басқарған ағарту институтының ережелері, институттың мәжіліс хаттамалары, студенттер мен оқытушылардың тізімдері, сондай ақ Иса Токтыбаевтың 1929 жылы жазылған Қазақ АКСР Халық Ағарту комиссариаты коллегиясына арналған баяндау хаты сияқты құнды құжаттар сақталған.

1920-30 жылдардағы Қазақ ағарту саласының дамуына өзіндік үлес қосқан қазақ зиялылары А.Байтұрсынұнов, О.Жандосов, С.Сейфуллин, Т.Шонанұлы, И.Токтыбаев және т.б. қазақ ағарту институтындағы жұмыстары сол кездегі республиканың білім жүйесінің дамуына зор ықпал жасады.

Астана мәртебесінен айрылған Қызылордадағы кадрлық ауыс – түйістердің салқыны Қазақ ағарту институтының студенттері мен оқытушыларына көп әсер етті. Белгілі тәжірибелі оқытушылар өзге өңірлерге кетіп қалды. Институттың материалдық – базасыда талан – таража түсіп, дамайы қалды. Қазақ үкіметі осы өзекті мәселелерді ескеріп, барлық аймақтық оқу орындарын Қызылорда қаласына біріктіріп, оларды оқытушылар құрамымен қамтамасыз етуді мақсат етті.

Осы қиыншылықтарға қарамастан кеңестік биліктің алғашқы кезеңінде қазақ қоғамын сауаттандыруда арнайы мұғалімдер мен оқытушылар дайындаған Қазақ Халық ағарту институтының тарихи орны ерекше болды.

Сәкен ҚАРБАЗҒЫ, «Өрлеу» БАУО АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша Кәсіби даму институты директорының орынбасары, т.ғ.к



# КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫ ӨТТІ

«Өрлеу» Қызылорда облысы бойынша филиалының, Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің және №267 орта мектебінің ұйымдастыруымен үздіктен үйрен жобасы аясында «Инновациялық даму және достұрлі көлөнерді жаңғырту» тақырыбында көркем еңбек пәні мұғалімдерінің тәжірибе алаңы өткізілді.

Тәжірибе алаңы «Педагогикалық идеялар панорамасы – 2023», «Үздік педагог – 2023» республикалық, облыстық байқауы жеңімпаздарының іс-тәжірибесін насихаттауға, шығармашыл ұстаздардың нәтижелі педагогикалық әдістемелерін таратуға және кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталған.

Алаң жұмысы №261, 267, 179 орта мектептің көркем еңбек пәні мұғалімдері ұйымдастырған «Шығармашыл ұстаз шеберханасы» атты галереяны таныстырудан басталды. Сонымен бірге №264 мектеп-лицейі, №211 орта мектеп педагогтерінің жетекшілігімен «Этностильді топтамалар» атты деңгей ұйымдастырылды. «Үздіктен үйрену жобасы аралау тәсілін тиімді қолдану» бөлімінде республикалық, облыстық байқауларының жеңімпаздары Сәуле Шайхисламова мен Ұлбосын Жұмабекова іс-тәжірибелерімен бөлісті.

«Шығармашыл ұстаз шеберханасы» кезеңі бойынша қала мектептерінің үздік көркем еңбек пәні мұғалімдері шебер сыныптарын жоғары деңгейде көрсетті. Шебер сыныпқа қатысушы педагогтердің ынтымақтаса, бірлесіп жұмыс жасауына ықпал ететін орта құру, педагогикалық проблемаларды шешуді іске асырудың тиімді жолдары ұсынылды.

Үздік шебер сынып көрсетіп, тәжірибелерімен бөліскен мұғалімдер «Өрлеу» Қызылорда облысы бойынша филиалының және қалалық білім бөлімінің Құрмет грамотасымен, Алғы хаттарымен марапатталды.

Педагогтің кәсіби шеберлігін, зерттеушілік, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге бағытталған курстан кейінгі сүйемелдеу шаралары жыл соңына дейін жалғасатын болады.

Оразбай ОРМАНОВ, «Өрлеу» Қызылорда облысы бойынша филиалының аға оқытушысы

# ДИПЛОМ САТЫП АЛҒАҒАҒА ЖАЗА ҚАТАҒАТЫЛАДЫ

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жалған құжат пен диплом сатып алатындарға және оны сататындарға жаза қатаңдатынынын жеткізді.

Қылмыстық кодекстің 385-бабына сәйкес, ресми құжаттарды, мөрлерді, қолтаңбаларды, лицензиялық құжаттарды қолдан жасағандар екі жылға дейін сотталады. Оны екінші рет қайталаған жағдайда, 4 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Сонымен қатар жалған дипломдарды біле тұра сатып алған және қолданған азаматтар 40 күнге дейін бас бостандығынан айырылады немесе 600 сағатқа дейін қоғамдық жұмыспен айналысуы мүмкін, - деді министр.

Министр жалған диплом жасаушыларды құрықтау үшін Ішкі істер министрлігі және құқық қорғау органдарымен

арнайы жоспар бекіткенін айтты. Әр платформаларға қазір Ішкі істер министрлігі рейд жүргізіп жатыр. Осылайша заң бұзушыларды біз жазалауымыз керек. Біздің арнайы платформамызға 1991 жылдан бастап берілген бүкіл дипломды кіргізіп жатырмыз. Ол жұмыстар 2018 жылдан басталды. Қазір 3,5 млн диплом базада бар. Енді кез келген жұмыс беруші арнайы цифрлық қызмет арқылы дипломды тексереді. Әр дипломның жеке нөмірі және QR коды болады. Сол арқылы көзіп келген азамат сілтемеден өтіп, диплом жалған ба, жоқ па, соны тексере алады, - деді Саясат Нұрбек.

## ӨЗІҢДІ АИТВ ЖҰҚПАСЫНАН САҚТА

**АИТВ инфекциясы иммун тапшылық вирусы тудыратын, иммундық жүйенің зақымдануымен сипатталатын және жүре пайда болған иммундық жетіспеушілікке әкеліп соқтыратын созылмалы жұқпалы ауру. АИТВ инфекциясының өзіне тән шағымдары жоқ. Ауру біртіндеп басталады.**



Алғашқы уақытта ауруда тұмауға ұқсас белгілер, сонымен бірге дене қызуының көтерілуі, лимфа түйіндерінің ұлғаюы байқалады. Бұл белгілер адамның иммундық жүйесі мықты болғандықтан жойылып кетуі мүмкін. Сондықтан адам өзінің АИТВ жұқтырғанын білмей жүре береді. Себебі АИТВ созылмалы ағымда өтетіндіктен айқын клиникалық белгілері байқалмайды. АИТВ инфекциясы тек қанды тестілеу арқылы анықталады. АИТВ-инфекциясының Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бекіткен 4 клиникалық сатысы бар, бастапқы екі сатысы симптомсыз ағыммен және ұзақ сақталатын лимфоаденопатиямен сипатталса, 3-4 сатысында ауруда асқын белгілері байқалады, яғни түрлі арулардың симптомдары мен синдромдары бой көтереді, жоғарғы тыныс алу жолдарының созылмалы инфекциялары, терідегі бөртпелер бактериялық инфекциялар, ұшықты жаралар, пневмония, туберкулез, Капоши саркомасы және басқалары. Бұл белгілер пайда болған кезде науқаста жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы дамиды. ЖИТС кезінде ағзада қайтымсыз процестер дамиды. Нәтижесінде адам өлімге душар болады. ЖИТС кезінде АИТВ жұқтырғандар тағайындалған вирусқа қарсы препараттарды үзіліспен қабылдағанда немесе тіпті шпеген жағдайда дамиды.

АИТВ инфекциясы аты айтып тұрғандай жұқпалы індет. АИТВ-ны жұқтырудың негізгі жолдары – қорғалмаған жыныстық қатынас, инъекциялық есірткіні пайдалану кезінде (есірткіні тұтынушылар арасында таралған) стерильді емес құралдарды ортақ пайдалану және АИТВ жұқтырған анадан балаға (жүктілік уақытында, босану кезінде және емізу кезінде ана сүті арқылы жұғуы мүмкін). Жұқтырудың басқа жолдары жоқ, яғни АИТВ-ны ауа-тамшылары арқылы, қол алысу кезінде, ортақ ыдысты пайдалануда, бассейнде, саунада, жәндіктердің шағуы кезінде, тамақ жемістер арқылы жұқтыру мүмкін емес. Себебі вирус қоршаған ортада тұрақсыз болғандықтан, ол адам ағзасынан тыс жерде өмір сүре алмайды. АИТВ-ны емдеу мәселесінде заманауи медицина алға жылжып, өз жетістіктерімен қуантады. Осылайша, қазір АИТВ-инфекциясын емдеуге арналған тиімділігі жоғары дәрілік препараттар қолданылуда. Олар антиретровирустік деп аталады, вирусты ағзадан толық шығармаса да, дегенмен, бұл дәрі-дәрмектер адам ағзасындағы қандағы вирустың көбеюін тежейді және АИТВ-ның асқынудына кедергі келтіреді. Емдеудің арқасында вирус анықталмайтын деңгейге жеткен науқастардың жалпы өмір сәтсіз жағдайына, қосымша аурулар мен өлім көрсеткіші төмендейді және де тиімді емнің нәтижесінде науқастар инфекцияны басқаларға жұқтыра алмайды. Сондықтан,

АИТВ инфекциясы анықталған жағдайда тез арада дәрігердің қабылдауында болып, арнайы ем алуды бастаған дұрыс. Соңғы жылдары АИТВ инфекциясының жыныстық жолмен таралуы анықталуда. Вирусты жұқтыруға АИТВ жұқтырған адаммен бірге ғана жыныстық қатынаста болу жеткілікті. Сондықтан – кездейсоқ және ерте некесіз жыныстық қатынастардан аулақ болыңыздар. АИТВ-мәртебесі туралы сізге белгілі болған бір жыныстық серіктеске адалдықты сақтаңыздар, егер серіктесіңіздің АИТВ-мәртебесі туралы білмесеңіздер, жыныстық қатынаста мүшеқапты пайдаланып, үнемі АИТВ-ға тестілеуден өтіп тұрғандарыңыз абзал. Жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың болуы АИТВ жұқтыру қаупін 2-3 есеге арттырады, осыған орай мұндай ауруларды уақтылы емдеу АИТВ-ның алдын алу болып табылады. Жүкті әйелдер жүктілік кезінде міндетті түрде екі рет АИТВ-ға тестілеуден өтуі керек, АИТВ

анықталған жағдайда, әйелге бірден АИТВ-ның алдын алуға арналған ретровирусқа қарсы дәрі-дәрмектер тағайындалады, балаға жұғу қаупін азайту үшін әйелге Кесар тілігі әдісімен босандыру ұсынылады, емшек сүтінде вирустың болуына байланысты, бала туғаннан кейін жасанды тамақтануға ауыстырылады. Қазір әйел жүкті болса олардың жыныстық серіктестері, яғни күйеуі АИТВ-ға тексеріледі. Себебі дер кезінде анықтау нәрсенің өмірге сау келуіне көп көмегін тигізеді. Жоғарыда айтылғанның негізінде, АИТВ-инфекциясының берілуі мен алдын алу шараларын біле отырып, ауруды жұқтырудың өзіндік қорғауға болады. Өзіндік АИТВ-дан қорғау арқылы өзгені де қорғай аласыз. Сондықтанда жаман әдеттерден аулақ болып, салауатты өмір сүрес кез келген аурудың алдын алуға болады.

**А.К. БЕКНИЗОВА,**  
Жалағаш аудандық  
психо-әлеуметтік кеңес беру  
кабинеті дәрігері



## НАМИБИЯ ПРЕЗИДЕНТІ ӨМІРДЕН ӨТТІ

Намбия президенті Хаге Гейнгоб 82 жасында қайтыс болды. Намбияның ең ірі күнделікті басшылығы The Namibian-ның жазуына, аталған елдің басшысы Намбия астанасы Виндхук қаласындағы ауруханада көз жұмған. Ал вице-президент Нанголо Мбумба марқұм Гейнгобтың 3 ақпан күні таңертең әйелі мен балаларының қасында жан тапсырғанын айтты.

Гейнгоб 2015 жылы Намбия президенті қызметіне кіріскен. Ол 1990 жылдан 2002 жылға дейін бұрынғы президент Сэм Нужоманың әкімшілігі кезінде елдің бірінші премьер-министрі қызметін атқарды.

Гейнгоб соңғы айларда денсаулығына қатысты проблемалармен күресіп келеді. 8 қаңтарда президент өзіне қатерлі ісік диагнозы қойылғанын хабарлады. Кейін, 25 қаңтарда мемлекет басшысы емделуге АҚШ-қа аттанды. Гейнгоб 30 қаңтарда - екі күн емделгеннен кейін Намбияға қайта оралды. Ол 2015 жылы наурызда Намбия президенті болды және 2019 жылы қайта сайланды. Сондай-ақ 1990-2002 және 2012-2015 жылдары екі рет елдің премьер-министрі қызметін атқарған.

## ӘЛЕМ БОЙЫНША 6 МЫҢҒА ЖУЫҚ ҚАР БАРЫСЫ ҚАЛҒАН

Самарқанд бас қосқан сарапшылар әлемде сирек кездесетін аңды сақтап қалудың жаһандық бағдарламасын жүзеге асыруға уағдаласты. Қар барысын қорғауды бірнеше мемлекет бірігіп қолға алады. Жынысқа қазақстандық экологтар да қатысты. Таулы аймақты мекендейтін барыс әлемнің 12 елінде кездеседі. Соның бірі – Қазақстан. Жаһандық жылыну мен мұздықтардың еруі салдарынан барыстар жүретін экожүйе тарылып барды. Сондықтан ынтымақтаса әрекет етудің маңызы зор. Барыс мекендейтін елдердің экология министрлері мен халықаралық қаржы ұйымдарының өкілдері бірлесіп, қар барысын қорғау бойынша қарар қабылдады.

«Қазақстанда қар барысының тұрақты өсімі байқалады, бұл қуантарлық жағдай. Қазір елімізде барыстардың саны 190-ға жуықтайды. 15 қорық пен ұлттық саябақтарды мекендейтін бұл жабайы аң мемлекеттің ерекше қорғауында. Қар барысының популяциясын сақтау бойынша жүргізілген шаралар оң нәтижесін беріп келеді», деді ҚР ҒЖМ зоология институтының өкілі, қар барысын бақылау орталығының жетекшісі Алексей Грачев.

## ҚАЖЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА ҚЫЗМЕТ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Saudia Airlines компаниясы қажыларды әуежайдан Мекке қаласындағы қонақүйлерге жеткізетін электрлік әуе таксилерін іске қосу арқылы қызмет көрсету сапасын арттыруды көздеуде. Бұл туралы Welcome Saudi басшылығы жариялады. Сауд Арабиялық компанияның әуе таксилерді қолдану жоспарымен толығырақ таныстырады.

Saudia Airlines компаниясының бас директоры Ибрагим Коши неміс әуе таксині шығаратын Liliun компаниясымен Сауд Арабиясының ішкі рейстерінде пайдалану үшін 100 ұшақ сатып алу туралы келісімге қол қойғанын хабарлады. Кошидің айтуынша, компания тұрақты даму қабілетінің ұстананды. Ұшақтар 100% электрлік. Saudia Airlines Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы бұл ұшақтарды ішкі бағыттарда қолданатын алғашқы әуекомпаниясы болады.

lium Jet – тік ұшып-қонатын ұшақ. Оларға әуежайлар емес, жолаушыларды алып кету және түсіру үшін «оқу» порттары қажет болады. Бұл тиісті инфрақұрылымды қажет етеді. Әуе таксиі 4-6 жолаушыны тасымалдай алады. Электр көлік болғандықтан, экологиялық таза көлік түрі болып саналады. Оның максималды жылдамдығы – 250 км/сағ. Ол Сауд Арабиясының ірі әуежайлары арасында ұшып, қажылар үшін әуе такси қызметін атқарады.

## ГАЗ ШАРУАШАЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖАҒДАЙ

**Қазіргі таңда газ шаруашылығындағы қауіпсіздік жағдайы ақталды мәселердің бірі болып тұр. Газ жарылысына байланысты төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша қабылданып жатқан шараларға қарамастан, түрлі қайғылы жағдайлар орын алуда.**

Тұрмыстағы газ жарылысының негізгі себептері тұрмыстық газ баллондары мен құрылғыларын пайдалану талаптарының бұзылуы, газ жабдығын жалғағыш құбырларының жай-күйі, баллондардың нормативтік мерзімінің өтуі және ақаулы газ жабдығын пайдалану болып табылады.

Адам шығыны мен жазақтану қауіп-қатерін азайту мақсатында мынадай шаралар қабылдау қажет:

Газ шаруашылығы саласындағы ұйымдар мен тұтынушылар:

- стационарлық автомобильді газ құю станциясының автокөлікте пайдалануға арналмаған баллондарды толтыруға жол бермеу;
- стационарлық автогаз құю станциялары бар субъектілер газ құюшы қызметкерлеріне (оператор) тұрмыстық газ баллондарына газ құюға жол бермеу немесе нұсқама өткізу;
- тұрғын үйлерге тауарлық газды жеткізуге шарттар жасасу кезінде тұтынушыларға тиісті журналға белгі қоя отырып, тұрмыста газды қауіпсіз пайдалану қағидалары бойынша нұсқама жүргізу.

- газ толтыру пункттері мен газ толтыру станцияларында тұрмыстық баллондардың кемінде әр 5 жыл сайын кезеңділікпен куәландыруды жүргізу, таңба бедері жок және нормативтік мерзімі өткен тұрмыстық газ баллондарын қолдануға жол бермеу;

Газ тұтыну жүйелерінің және газ жабдығының иелері олардың тиісті техникалық жай-күйін және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті.

Коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылар тауарлық немесе сұйытылған мұнай газын беруді жүзеге асыратын газ тарау ұйымымен немесе топтық резервуарлық қондырғылардың иесімен не Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған, газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын мамандандырылған тәуелсіз ұйыммен өздеріне тиесілі газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуге арналған шарт жасасуға міндетті.

Тұрмыстық баллондардағы сұйытылған мұнай газын

пайдаланатын коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылар тұрмыстық газ баллондардағы сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын газ толтыру станциясының, газ толтыру пунктінң иесімен өздеріне тиесілі газ жабдығына техникалық қызмет көрсетуге арналған шарт жасасуға міндетті.

Коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелеріне, газ жабдығына техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ұйым олардың техникалық жарамды күйде болуын қамтамасыз етуге міндетті.

-Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаға зиян келтіруді болдырмау, сондай-ақ газбен жабдықтау жүйелері объектілерін қауіпсіз пайдалану үшін жағдай жасау мақсатында оларға іргелес жатқан аумақтарда күзет аймақтары белгіленеді. Газбен жабдықтау жүйелерінің объектісін пайдаланатын ұйым беретін жазбаша рұқсатсыз құрылыс, монтаждау, жер казу, тиеу-түсіру жұмыстарын, ұңғымалар мен шурфтарды орнатуға байланысты іздеуіру жұмыстарын жүргізуге, алаңдарды, автомобиль көлігі тұрақтарын жайластыруға, базарларды орналастыруға, материалдарды қоймаға жинауға, қоршаулар мен дуалдар соғуға, күйдіргіш коррозиялы заттар мен жанар-жағармай материалдарын шығарып тастауға және төуге тыйым салынады.

Жоғарыда айтылған мәселелер төңірегінде техникалық қызмет көрсетуге шарт жасаған мекеме өзінше нақты келісім жасаған тұтынушыларының алдындағы жауапкершілігін, сондай-ақ азын-ақ ақшаға қызығып, қайғылы жағдайды тудырған заңды тұлғалар Заң аясында жауапкершілікке тартылатындығын қатаң ескертеміз.

**М. АЙТИМОВА,**  
**ҚР ТЖМ ӨКК**  
**Қызылорда облысы**  
**бойынша департаментінің**  
**бас маманы**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Бизнес-Юрист Қызылорда» ЖШС БСН 2312240011903 өзінің таратылатыны (жабылатыны) туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады:  
**Толыбекова 14, тел. 87784858502.**

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР АСА ҚАУІПТІ

Кембридж және Оксфорд университеттерінің психологтары, неврологтары мен басқа да мамандары 10-21 жас аралығындағы 17 мыңнан астам (бала, жасөспірім және жас) адамның дерегін негізге ала отырып, талдау жасаған. Бұл ғылымдарды Nature Communications журналында жарияланған мақаладағы жасөспірімдердің әлеуметтік желіні пайдалану деңгейі мен өз өміріне қанағаттану дәрежесі арасындағы тікелей байланыс қызықтырақ.

Зерттеу нәтижесінде, мамандар жасөспірімдердің әлеуметтік желілердің жағымсыз аспектілеріне әсіресе сезімтал болатын жасын анықтады. Осы кезеңдерде жасөспірім әлеуметтік желіде көбірек уақытын өткізсе, бір жылдан кейін оның өз өміріне көңілі толмайтын болады. Ал, керісінше, бала осы жасында әлеуметтік желіні неғұрлым азырақ пайдаланса, оның өз өміріне деген бір жылдан кейінгі көзқарасы дұрыс болады. Галымдар қыздар үшін бұл қауіпті кезең 11 жастан 13 жасқа дейін, ал ұлдар үшін 14 жастан 15 жасқа дейін деген тұжырымға келді.

Зерттеушілер бұған қоса әлеуметтік желілерді пайдаланудың тағы бір қауіпті кезеңін анықтады, бұл қыздарға да, ұлдарға да бірдей – 19 жас. Бұл кезеңдегі жастың өмірінде болатын – өз бетінше өмір сүре бастау, студенттік шақ немесе жұмыс істеу сияқты өзгерістерге байланысты әлеуметтік желілерге әсіресе сезімтал болады екен.

## МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қызылорда облыстық сотында отбасылық-неке қатынастарынан туындайтын дауларды қарау кезінде көмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелері бойынша семинар сабағы өткізілді. Семинарға Қызылорда облыстық сотының төрағасы Ө.Шығамбаев, облыстық соттың судьялары, Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьялары, Қызылорда облысы прокуратурасының, қорғаншылық және қамқоршылық органының, адвокаттар алқасының, медиация орталығының өкілдері, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің оқытушылары қатысты.

Семинарды облыстық сот төрағасы Ө.Шығамбаев ашып, отбасылық-неке қатынастарынан туындайтын дауларды қарау кезіндегі сот тәжірибесіне тоқталып, маңызды мәселелерді айтып өтті. Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы З.Абылайқызы Қазақстан Республикасында балалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы құқықтық негіздер бойынша баяндама жасады.

Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы А.Сабыров көмелетке толмағандардың мүдделерін қозғайтын дауларды шешудің баламалы тәсілдерін қолдану мәселелеріне тоқталып өтті. Сонымен қатар, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты Л.Қаржаубаева балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың құқықтық негіздері туралы баяндады. Семинар соңында қатысушылар өзара пікір алмасты.

## ӘКІМШІЛІК ТАЛАП МЕДИАЦИЯ ТӘРТІБІМЕН РЕТТЕЛДІ

Шиелі аудандық сотында жер учаскесін жалға беру туралы шарттың өткізіп алған мерзімін қалпына келтіруді міндеттеу туралы әкімшілік іс қаралды. Іс құжаттарына сәйкес, талап қоюшы А. 2019 жылы кент әкімінің шешімімен жеке тұрғын үй салу үшін жер учаскесін алғанын, ол жөнінде жер учаскесін 3 жылға жалға беру туралы шарт жасалғанын, алайда шарттың мазмұнына түсінбей мерзімін өткізіп алғанын көрсетіп, тұрғын үй құрылысы үшін берілген жер учаскесін жалға беру туралы шарттың өткізіп алған мерзімін қалпына келтіруді міндеттеуді сұрап, сотқа жүгінген.

Әкімшілік істі сотта қарау барысында тараптар дауды медиация тәртібімен реттеу

туралы келісімге келгендерін көрсетіп, оны соттан бекітуді сұраған. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік процесі Кодексінің 138-бабының 2-бөлігінің 9)-тармақшасына сәйкес, тараптар татуласа, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасаса және оны сот бекітсе, сот талап қоюды қайтару туралы ұйғарым шығарады. Аудандық соттың ұйғарымымен аталған әкімшілік іс бойынша тараптардың арасындағы дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім бекітіліп, талап қою қайтарылған.

Ұйғарым заңды күшіне енгенен.

**Шиелі аудандық соты**

## ОБЛЫСТЫҚ СОТТА ТРЕНИНГ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Қызылорда облыстық сотында көмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін азаматтық сот ісін жүргізуде қорғау мәселелері бойынша тренинг өтті. Оған облыстық соттың судьялары, Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьялары, аудандық соттардың судьялары, Қызылорда облысы прокуратурасының, қорғаншылық және қамқоршылық органының, адвокаттар алқасының, медиация орталығының өкілдері, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің оқытушылары қатысты.

Шара барысында Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы М.Текетаев көмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға байланысты істерді қараудың ерекшеліктері туралы айтып өтті. Сонымен қатар, Қызылорда облысы бойынша адам құқықтары жөніндегі желел уәкілдің өкілі Д.Шәріпбаев, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің аға оқытушысы Ж.Исаева балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың құқықтық негіздері бойынша баяндама жасады.

Шара соңында қатысушылар өзара пікір алмасты.

**Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі**

## ӘКІМШІЛІК АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Арал аудандық сотында азамат Н-ға қатысты Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 463-бабының 1-бөлігімен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Азамат Н. құзырлы органға жеке кәсіпкер ретінде тіркелместен, жеке көлігімен заңсыз жолаушы тасымалдаған, яғни тіркеусіз кәсіпкерлікпен айналысқан. Сот отырысында құқық бұзушының құқық бұзушылық әрекеті өзінің кінәсін мойындаған жауабымен, сондай-ақ сотта зерттелген іс құжаттарымен толық дәлелденген. Сот қаулысымен Н. жоғарыда аталған бапмен кінәлі деп танылып, оған 36 225 теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салынды.



12.02-18.02.2024

**Тоқты**  
(21 наурыз-20 сәуір)

Сізді кәсіби салада мансаптық мүмкіндіктер мен табыстар күтеді. Қуат пен табандылық сізге керемет нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі. Өз саланыңдағы жаңа ынтымдастықтар мен өзгерістерге ашық болыңыз.

**Торпақ**  
(21 сәуір-20 мамыр)

Бұл сіз үшін жеке даму уақыты. Жаңа қызығушылықтарды ашуға және дағдыларыңызды дамытуға мүмкіндік бар. Тіпті зерттеулер жақын болашақта маңызды рөл атқаруы мүмкін. Өзіндік жаңа тәжірибелерге ашыңыз.

**Егіздер**  
(21 мамыр-21 маусым)

Өз идеяларыңыз бен пікірлеріңізді білдірудің, басқалармен байланысудың және жаңа қарым-қатынастар құрудың тамаша уақыты. Сізге өзіндік жақсы көретін салада көрсетуге мүмкіндігіңіз бар. Сондай-ақ өз шығармашылығыңызды ерекше түрде көрсетіңіз.

**Шаян**  
(22 маусым-22 шілде)

Сізге отбасылық өмір мен жеке қарым-қатынасқа ерекше қамқорлық көрсетіледі. Ең жақын адамдардың қажеттіліктері мен тілектеріне назар аударыңыз. Үйде үйлесімді атмосфераны жасаныз. Түсінеушіліктерді шешуге мүмкіндік болады.

**Арыстан**  
(23 шілде-22 тамыз)

Сіз сәттілік пен мансаптық жетістіктерге жетесіз. Өзіндік дәлелден, көшбасшылық қасиеттеріңіз бен шығармашылық қабілеттеріңізді әлемге көрсетуге мүмкіндік болады. Дұрыс көзқарасыңыз күш-жігеріңізді жаңа кәсіби биіктерге жетуге көмектеседі.

**Бикеш**  
(23 тамыз-22 қыркүйек)

Жұлдыздар жеке өсуге мүмкіндік береді. Жұмыс пен өмір қозғалысына назар аударыңыз. Денсауыңызға, ақыл-ойыңызға қамқорлық жасауға уақыт бөліңіз. Өз саланыңда жаңалықтар күтеді және сіз өзіндік әл-ауқатыңызды жақсартасыз.

**Таразы**  
(23 қыркүйек-22 қазан)

Алдағы күндер сізге махаббат саласында жаңа мүмкіндіктер береді. Өмірлік серіктесіңізге назар аударыңыз. Қарым-қатынас пен ымыраға келу - үйлесімді және ұзақ өмір сүрудің кілті. Сезімдеріңізді білдіруге ашық және шынайы болыңыз.

**Сарышаян**  
(23 қазан-21 қараша)

Өзіндік денсаулығыңыз бен әл-ауқатыңызға назар аударыңыз керек. Өмір салтыңызды жақсарту үшін қолдан келгенін бәрін жасаныз. Қазір салауатты әдеттерді дамытатын, ақыл мен рухты қалпына келтірудің тамаша уақыты.

**Мерген**  
(22 қараша-21 желтоқсан)

Алдағы апта шығармашылық жоспарлар мен ойын-сауық іс-шараларында мүмкіндіктер ашады. Қиялыңызды ашыңыз, көркем көріністің, хоббинің жаңа түрлерін зерттеңіз. Бастаманы алыңыз және сізге қуаныш немесе рахат әкелетін жобаларға қатысыңыз.

**Тәуешкі**  
(22 желтоқсан-19 қаңтар)

Алдағы күндері үй мен отбасы бірінші орынға шығады. Үйіңіздің қажеттіліктеріне назар аударыңыз және қауіпсіз ортаны құруға уақыт пен күш жұмсаңыз. Жақын адамдармен қарым-қатынас өзара қарым-қатынас пен қолдау арқылы нығая түседі.

**Сукүйғыш**  
(20 қаңтар-18 ақпан)

Сізді қарым-қатынас пен оқу мүмкіндіктері күтеді. Жаңа білімге ашық болыңыз және қызығушылықтарыңыздың әртүрлі салаларын зерттеңіз. Ойларыңыз бен идеяларыңызды басқалармен бөлісіңіз және әлеуметтік ортаныңды кеңейтіңіз.

**Балықтар**  
(19 ақпан-20 наурыз)

Алдағы аптада қаржы сіздің назарыңызда болады. Ақшаның бен материалдық ресурстарыңызға абай болыңыз. Табысты арттыру немесе сапалы ақша үнемдеу жолдарын іздеңіз. Жеке дамуыңызға инвестиция жасаңыз.



## ЕҢБЕК ЗАҢДЫЛЫҒЫНЫҢ САҚТАЛУЫ – ҰДАЙЫ НАЗАРДА

Бүгінде Қызылорда облысы аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің құрамында 12 салалық кәсіподақ қамтылған. Онда 1007 кәсіподақ ұйымы мен 96 мыңнан астам азамат мүше ретінде біріккен. Былтыр жаңадан 16 бастауыш кәсіподақ ұйымы құрылып, 644 жұмыскер кәсіподақ мүшесі атанды. Сонымен қатар, кәсіподақ ұйымдарына қосымша 568 жұмыскер мүшелікке қосылды. Яғни, өткен жылы 1212 жұмыскер кәсіподақ қатарына қосылды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында «Қызылорда облысы кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы Мақсұт Нәлібаев мәлімдеді.

«2023 жылы – «Қауіпсіз еңбек жылы» болып жариялануына байланысты біздің салада бірқатар жұмыстар атқарылды. Мәселен, былтыр әлеуметтік әріптестердің үш жақты комиссиясының 10 отырысы өтті. Аталмыш жиында кәсіпорындардағы еңбек қатынастары, жазатайым оқиғалардың алдын-алу, ұйымдарда ұжымдық шарт жасау туралы мәселелер қаралды. Осыған сәйкес, қазіргі таңда облыс көлемінде жағдай тұрақты, әлеуметтік шиеленіске тәуекелі бар мекемелер жоқ. Облыстық кәсіподақтар орталығының жанындағы штабпен еңбек ахуалы үнемі бақылауда болады. Бұдан бөлек, облыс әкімдігі, жұмыс беруші және облыстық кәсіподақтар орталығымен 52 ірі кәсіпорында «Еңбек ұжымындағы әлеуметтік-

еңбек жағдайы мен өндірістік процестердің тұрақтылығын қамтамасыз ету, жұмыс орындарын сақтау және персоналды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы Меморандумдар жасалды. Келісім аясында кәсіподақ ұйымдарына ұжымдық шарттарды қайта қарастырып, өзгерістер енгізу туралы ұсыныс айтылды, – деді Мақсұт Ыбрайханұлы.

Брифинг барысында «Senim» денсаулық сақтау саласы мен «Үнтумақ» кәсіпкерлік кәсіподағында атқарылған жұмыстардың нәтижесі айтылып, алдағы жоспарлар баяндалды. Қазіргі таңда «Senim» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» құрамында 53 бастауыш кәсіподақ ұйымы болса, оған 20

мыңнан астам азамат мүше ретінде тіркелген. Біздің кәсіподақтың басты міндеті – медицина саласында қызмет ететін мамандардың әлеуметтік жағдайларын жақсарту. Осыған сәйкес, былтыр 300 қызметкер шипажайларда ем алса, 100 медицина саласының маманына жеңілдікпен жолдама берілді. Бұдан бөлек, денсаулық сақтау саласының мамандарын қатыстыра отырып, спорттың 8 түрінен сайыстар ұйымдастырылды. Жеміпмаздарға ақшалай сертификаттар табыстылды, – деді «Senim» денсаулық сақтау саласы жұмыскерлері салалық кәсіподағының Қызылорда облыстық филиалы төрағасының міндетін атқарушы Сәулебек Искаков.

«Үнтумақ» кәсіпкерлік жұмыскерлерінің салалық кәсіподағының басты міндеті – орта және шағын кәсіпкерлік саласында қызмет жасайтын азаматтарды өзара ынтымақтастыққа шақыру болып табылады. Осыған байланысты ұдайы қызметкерлермен кездесу өткізіп, еңбек ұжымындағы шешімін ташпаған мәселелерді оңтайландыру жолын қарастырамыз. Бүгінде біздің салалық кәсіподақта 2000-ға жуық мүше бар, – деді «Үнтумақ» кәсіпкерлік жұмыскерлерінің салалық кәсіподағы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Марат Бәйімбетов.

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚАЗАҚШАЛАДЫ



Қызылордалық Асылжан Абдуллаев алғаш рет жасанды интеллектті қазақша сөйлеткен жас технократ. Ол жасанды интеллектті қазақша сөйлету үшін 300 мыңнан астам сөз бен 220 млрдтан астам ақпаратты енгізген. Осылайша, жас ғалым білімі мен тапқырлығының арқасында ерекше жобаны сәтті жүзеге асырды. Тіпті, жас өрнеңнің жаңа жобасына америкалық ғалымдар қызығушылық білдірген. Бүгін Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстағы үздік IT жобалар мен жасанды интеллектті дамыту жайында сөз қозғалды.

– 2024 жылдың 1-3 ақпан аралығында Алматы қаласында “Digital Almaty 2024” атты халықаралық форумы өтті. Аталмыш форумға көптеген компаниялар мен 30 000-ға жуық қатысушылар қатысты. Оның ішінде Қызылорда облысынан Асылжан Абдуллаев та өзіннің жобасын алып барды. Форумға келген халықаралық мамандар мен IT бағытындағы компаниялардың барлығы Асылжанның жаңа жобасымен етене танысты. Форум барысында жас ғалым құны 1 миллион теңге тұратын сәтті ұтып алды. Сондай-ақ, ол Өзбекстанда өтетін “IT Park” форумына шақырту алды. Сол шарада жас ғалым өз жобасын таныстыратын болады, – деді Қызылорда облысы әкімі аппаратының цифрлық технологиялар бөлімінің басшысы Сәбит Ибадулла.

– “Digital Almaty 2024” халықаралық форумының аясында біздің “QazaqGPT” жобасы Орталық Азиядағы 300 стартаптың үздік ондығына кірген еді. Жалпы “QazaqGPT” деген не? деген сұрақ туындауы мүмкін. Бұл – интеграцияланған жасанды интеллект мүшесі. Яғни, біз отандық модельдерді қолдана отырып, “Open ai” базасында өзіміздің жасанды интеллекті құрған боламызбыз. Негізінен, бұл жоба “InnoFest” базасында пайда болды. Сол мезетте жасанды интеллекттің қазақ тілінде дұрыс дамымағанын ескеріп, осындай жоба жасауды жөн көрдік. Қазіргі таңда “Elnactus” халықаралық ұйымының стратегиялық дивайзері, америкалық азамат Рэндел Брюнстен ұсыныс түсірді. Оған бөлек, біз халықаралық деңгейге шығуға тырысып жатырмыз, – деді жас ғалым.

## АЙМАҚТЫҚ ӨНЕР ФЕСТИВАЛІ БАСТАЛДЫ

Қазалыда еліміздің төл мәдениетін дәріптеп, ұлылардың ұлы ісін дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған «Туған өңір – тұнған өнер» атты аймақтық өнер фестивалі басталды.

Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында өткен фестивальдің салтанатты ашылуына аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов қатысып, мәдени шараның ашылуына құттықтады. Сонымен қатар ауыл ішіндегі таланттарды анықтау мен өзіндік ерекшелігі бар шығармашылық ұжымдарды қолдауда мұндай шаралардың аса қажет екендігін жеткізді. Мұнан соң ауданымыздағы мәдениет саласының дамуына елеулі үлес қосып жүрген бірақтар азаматтар облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың «Алғыс хатымен» марапатталды. Фестиваль шымылдығын аудандық мәдениет орталығы мен ауыл өнерпаздары ашып, керемет ән мен биден шашу шашты. Мәдени шара барысында әр ауылдың таңдаулы өнерпаздары өздерін сан қырынан танытып, көрерменнің зор ықыласына бөленді. Айта кетейік, өнер сайысы 28 ақпан – 26 мамыр күндері аралығында 4 аймақ бойынша өткізілмек. Өнер додасы 6 шілдеде қорытындылатын болады.

## 1 МЛРД. ТЕНГЕ ЖЫМҚЫРҒАН

7 ақпанда Жанакорған аудандық соты Жанакорған ауданының білім бөлімі басшысы Б.Ибрагимовқа, бас бухгалтері К.Аязбаеваға және 24 мектептің бухгалтеріне үкім шығарды.

Олар жалпы сомасы 1 млрд теңгеден аса ірі мөлшерде бюджет қаражатын жымқырғаны үшін кінәлі деп танылды. Сот үкімімен мекеменің басшысына және бас бухгалтеріне 8 жыл бас бостандығынан айыру, мектеп бухгалтерлерінің біріне – жас баланың асырауында болуына байланысты 5 жыл мерзімге жазасын кейінге қалдыра отырып, 7 жыл бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Сонымен қатар сотталғандар мемлекеттік қызметте және өзге де ұйымдарда қызмет атқару құқығынан өмір бойы айырылды.

Үкім заңды күшіне енген жоқ. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет білім беру саласындағы жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу барысында ебекақы төлеу қорынан қаражат жымқырумен байланысты тұрақты қылмыстық схемаларды ашты: 1) қызметкерлерге жалақы оның лауазымынан қарағанда әлдеқайда көп аударылған; 2) жалақы білім мекемелерінде ресми түрде тіркелмеген адамдарға берілген; 3) қызметкердің карт-шоттарына жалақы есептеліп, ал төлем құжаттарында басқа тұлғаның



деректері көрсетілген; 4) бір адамға ақша аударымдарын бірнеше рет қайталаған; 5) «өлі жандарға» – туыстары мен жақындарына ақша аударған. Бухгалтерлер мектептің бухгалтерлік есеп жүйелері, ұлттық білім беру базасы және «Қазынашылық-клиент» жүйесі арасындағы интеграцияның жоқтығын пайдаланған. Олар төлем құжаттарына қолмен түзету енгізіп, бюджет ақшасын жымқырған. Жыл сайынғы бюджеттік өтінімдерді қалыптастыру кезінде жымқырылатын қаражат белгіленген. Айта кету керек, жымқыру бойынша бұрын ашылған схемалар шеңберінде сотқа дейінгі тергеулерді бүгінде басқа құқық қорғау органдары жүргізуде.

## ЖИТС АУРУЫНА ШАПДЫҚАНДАРҒА ПАЛЛИАТИВТІК КӨМЕК

ЖИТС ауруына шалдыққандарға паллиативтік көмек бұл АИТВ жұқпасының соңғы сатысында оппортунистік инфекция тудырған кеселдерді емдеу немесе олардың симптомдарын жою бағытында, көбіне ештеңе жасауға келмейтін кезде көрсетіледі.

Мақсаты: -науқасқа өзін барынша жайлы және тыныш сезінуге мүмкіндік жасау, -созылмалы кеселде үнемі ауруды басу дәрілерін беру, -тері зақымданбас үшін науқас денесінің кейін үнемі өгерту, сырқат денесінің құрғақ болуын қадағалау, -науқастың бойындағы күйзелісті жеңуге көмектесу, -сырқат отбасынаоның өмірден өтуіне байланысты қажетті дайындықтар мен одан әрі қиындықтарды жеңуге әзірлік шараларын қарастыру.

Міндеті науқасты уайым-қайғыдан сейілтуді, жан дүниесіне психологиялық және әлеуметтік көмек көрсету.

Паллиативтік көмек аспектілері: Медициналық көмек: Науқасқа үй жағдайында оның отбасы мүшелері немесе медицина қызметкерлері арқылы көмек көрсету.

Психологиялық көмек: Науқастың көңіл-күйі жоқ кезде жүргізіледі.

Әлеуметтік көмек: тұрғын үй мәселелері, жетім балалар туралы туындаған проблемалар жөнінде.

Жалпы принциптері: -Паллиативтік көмек АИТВ жұқтырғандарға көрсетілетін медициналық көмек.

-Паллиативтік көмек науқасқа берілетін симптоматикалық ем және науқасқа ең соңғы сатысында көрсетілетін көмек.

-Паллиативтік көмек науқастың үйінде, ауруханада көрсетіледі.

Паллиативтік көмек мына жағдайларда көрсетіледі:

-егер науқасты емдеу әсер бермесе немесе қолданған емінің зардабы тигізетін пайдалан басымдық болса

-егер науқастың өзі емді жалғастыруды қаламаса

-егер өмірлік маңызға не ағзалар жұмыс істеуді тоқтатса.

-АИТВ жұқпасымен емдеу мүмкіндігі жоқ болса

-берілген емнен нәтиже болмаса

Паллиативтік көмек барлық пациентке және әр науқастың қажеттілігіне қарай көрсетіледі. Ауруды емдеу АИТВ жұқпасының сатысына қатысты болмау қажет. Емдеу жағдайындағы жалпы принциптері мүмкіндігінше көк тамырдан және булшықетке инъекция жасамау. Ауыз немесе тік ішек арқылы беру.

Медицина қызметкерлері ЖИТС ауруымен ауырған науқастың жанұя мүшелері мен әлеуметтік жұмысшыларды әр түрлі симптомдар кезінде не істеу керектігіне, дәрілерді беруге және қосымша дәрі беруге оқытады, ал бұл медицина қызметкерлерінің басты міндеті.

Д. Т. БАЙМҰРЗАЕВА,  
ЖИТС ОО Шиелі филиалының аянасы